



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Жаратылыстану және география институты 2021 жылдың 25-29 қазаны аралығында **«Жаратылыстану ғылымдары және пәндері: озық тәжірибелер мен технологияларға негізделген зерттеулер»** атты докторанттардың республикалық шеберлік апталығын өткізеді. Апталық аясында еліміздің ЖОО-да білім алатын докторанттарының қатысуымен мынадай шаралар өтеді:

- 1) **«Ғылыми зерттеулерге жаңа көзқарас»** атты вебинарлар (дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері сағат 15.00-17.00 аралығында);
- 2) **«Үздік мақала»** байқауы;
- 3) **«Өркениеттер тоғысындағы жаратылыстану: ғылыми идеялардың эволюциясы»** тақырыбында **үздік пост** байқауы.

Байқауларға еліміздің ЖОО-да білім алатын докторанттар қатыса алады.

Байқаулардың жеңімпаздары және үздік спикерлер дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

### Пост жариялауға қойылатын талаптар:

- пост Facebook немесе Instagram әлеуметтік желілерінің бірінде жариялануы қажет;
- пост жариялау кезінде ҚазҰПУ-дың Жаратылыстану және география институтының парақшаларын (facebook-де: [Жаратылыстану География Институты](#); Instagram-да: kaznu.zhgi) белгілеу керек;
- сауатты жазылуына (орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық) мән беру қажет;
- жеке көзқарастың көрініс табуы, теоретикалық негіздеме, фактілі дәлелдер (аргументтер) және цитаталарды келтіру сияқты мәселелерді де ұмытпаған жөн;
- посттағы мәтін 500 сөзден, сурет саны 10-нан және видео 3 минуттан (бар болған жағдайда) аспауы қажет;
- ғылыми идеялардың эволюциясын докторант өз зерттеу бағыты мысалында көрсетуіне болады.

*«Үздік постты» анықтау кезінде ең көп лүпіл жинаған және пікір жазылған посттарға басымдылық беріледі.*

### Мақалаға қойылатын талаптар:

– ҚР БҒМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің ұсынған басылымдар тізіміне енетін журналдың мақалаға қойылатын талаптарына сай рәсімделуі қажет (ҚазҰУ <https://www.kaznu.kz/ru/17296/page> немесе ҚазҰПУ хабаршысы <http://sp.kaznu.kz/ru/series/14/?year=2020>);

– бұрын жарияланбаған және өзекті тақырып төңірегінде жазылуы қажет.

Байқауға бір автордан (докторанттан) 1 мақаладан артық қабылданбайды. Плагиатқа жол берілмейді. Байқауға мақалалар [nimo\\_2020@mail.ru](mailto:nimo_2020@mail.ru) почтасы арқылы 2021 жылдың 27-ші қазанына дейін қабылданады.

### Ұйымдастыру комитеті:

Мұздыбаева Қарлығаш Қаманайқызы, тел.: 87017398135; e-mail: [mkk77@mail.ru](mailto:mkk77@mail.ru);

Лайсханов Шахислам Ұзақбайұлы, тел.: 87757331433; e-mail: [laiskhanov@gmail.com](mailto:laiskhanov@gmail.com).